

Курманбекова Жулдыз Кайратовнаның «Зертханалық жағдайда қойдың қатаралды безгегін баламалау үшін тест-жүйені жасап шығару» тақырыбындағы 6D120100 – Ветеринариялық медицина мамандығының философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмысына берілген ғылыми кеңесшінің

## ПІКІРІ

Қойдың қатаралды безгегі — қой мен кейбір басқа күйіс қайыратын жануарларда кездесетін, вирустық сипаттағы инфекциялық ауру.

ҚКБ халықаралық ұйым ОІЕ-нің зоосанитариялық ережелері бойынша бірнеше түліктерге ортақ аурулардың тізімдеріне енгізілген.

Сонғы онжылдықтарда қойдың қатаралды безгегі галамдық таралымға ие болды: Еуропа, Азия, Африка және Америкада көптеген індет ошақтары тіркелді. Климаттық өзгерістер мен *Culicoides* туысына жататын жәндіктер — тасымалдаушылар көбеюі, бұл аурудың одан әрі таралуына ықпал етуде, сондықтан оны дер кезінде анықтау мен алдын алу мәселесі аса өзекті болып отыр.

Қазақстан Республикасы үшін блютанг ауруы стратегиялық қауіп төндіретін зооноздық емес, бірақ экономикалық маңызы жоғары экзотикалық инфекциялардың бірі болып табылады. Ел аумағының блютанг бойынша эндемиялық немесе шекаралас қолайсыз аймақтармен (мысалы, Орталық Азия елдері) шектесуі инфекцияның таралу қаупін арттыра түседі.

Қазіргі таңда ветеринариялық зертханаларда қолданылатын ҚКБ вирусын диагностикалаудың заманауи әдістері көбінесе шетелдік өндірістегі импорттық коммерциялық тест-жүйелерге тәуелді. Бұл жағдай шетелдік өндірушілерге тәуелділік туғызады және өңірлік деңгейде диагностика жүргізудің қолжетімділігін әрдайым қамтамасыз ете бермейді. Осыған байланысты ҚКБ вирусының антигендерін жедел индикациялауға арналған отандық иммуноферменттік (ИФА) тест-жүйені әзірлеу ерекше маңызға ие.

Курманбекова Ж.К.-ның диссертациялық жұмысы өзектілігі жоғары, қазіргі ветеринариялық вирусология мен эпизоотология саласындағы маңызды ғылыми-практикалық мәселеге арналған. Зерттеу жұмысының мақсаты — қойдың қатаралды безгегі вирусын (блютанг) серологиялық әдіспен ерте диагностикалауға мүмкіндік беретін отандық иммуноферменттік тест-жүйе әзірлеу және оны ветеринариялық практикаға бейімдеу.

Автор алған рет Қазақстан жағдайында блютанг вирусының антигендерін жедел анықтауға арналған ИФА тест-жүйесін жасап, оны оңтайландырған. Зерттеу барысында әдістеменің сезімталдығы, спецификалығы және қайталанушылық көрсеткіштері толық сипатталып, шетелдік коммерциялық тест-жүйелермен салыстырмалы бағалау жүргізілген. Жұмыстың теориялық жаңалығы — серологиялық диагностиканың ғылыми негіздерін кеңейтуінде, ал практикалық маңыздылығы — алынған нәтижелердің нақты ветеринариялық қызметте қолдануға жарамдылығында.

